

ТӘРБИЕЛЕУ-БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІНІҢ ЦИКЛОГРАММАСЫ					
Білім беру ұйымы	«Бөбек лүпілі» жеке меншік балабақшасы				
Топ	Ортаңғы топ				
Топтың атауы	«Айшуақ»				
Балалардың жасы	3 жасар балалар				
Педагогтің аты-жөні	Кенжеғазы Мадина				
Жоспардың құрылу кезеңі (апта күндерін, айды, жылды көрсету)	31.10-04.11.2022ж.				
Апта күндері	<i>Дүйсенбі</i>	<i>Сейсенбі</i>	<i>Сәрсенбі</i>	<i>Бейсенбі</i>	<i>Жұма</i>
Күн тәртібі					
Балаларды қабылдау	Таңғы сүзгі: балалардың терісін, дене қызуын, сыртқы келбетін тексеру. Балаларды жақсы көңіл күймен қарсы алу және оларға қолайлы жағдай жасау. Баланың көңіл күйін, оның жеке пікірін, қызығушылығын анықтау. (сөйлеуді дамыту)				
Ата-аналармен әңгімелесу, кеңес беру	Әңгімелесу. Күз мезгілінде болатын мерекелер жайлы ақпарат беру; ата-аналардың балалары жайлы мазалап жүрген сұрақтарына жауап беру.				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар,	Үстелдердің жанына орындықтарды	Құрылыс материалдарын контейнерлерге	Бөлме өсімдіктерін суару. Мақсат-міндеттері.	Ойыншықтарды сөрелерге қою. Мақсат-міндеттері.	Кітап бұрышын тазалау. Мақсат-міндеттері.

үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	қою. Мақсат-міндеттері. Орындықтарды үстелдің алдына белгілі тәртіпте қою амалын игерту; балаларды еңбекке баулу, ересектерге көмектесуді үйрету.	жинап салу. Мақсат-міндеттері. Балаларды ұқыптылыққа үйрету, жауапкершілікке тәрбиелеу, басталған жұмысты соңына дейін жеткізу дағдысын қалыптастыру.	Балаларға өсімдіктерге күтім жасау тәсілдерін үйретуді жалғастыру (күнге жақын өсімдіктерге суды көбірек құйып, көлеңкеде өсетіндерге аздап құю, қажетіне қарай суару), бөлме өсімдіктеріне ұқыпты қарады үйрету.	Балаларға ойыншықтарды сөрелерге белгілі тәртіпте қою амалын игерту; тәртіптілікке деген ұмтылысты қолдау; ойыншықтарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	Құлап жатқан кітаптарды тігінен тізбекке қойып, ретпен орналастыруға машықтандыру; балаларды кітаптарға ұқыпты, таза қарауға үйрету.
	Суретпен әңгіме: "Табиғат әлемі". Мақсат-міндеттері. Балалармен табиғат әлемі туралы әңгімелесу. (сөйлеуді дамыту)	"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністердің бақта және бақшада өсетіні туралы түсініктерін кеңейту. Олардың аталуы, құрамындағы кездесетін дәрумендерді, оның адам денсаулығына маңызы жөніндегі	"Бұл қай мезгілде болады?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың жыл мезгілдері туралы білімдерін нақтылау және тереңдету. Барысы: педагог балаға жыл мезгілін атайды да таңбалауышты береді. Бала жыл	"Орманшы" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балалардың кейбір ағаштар мен бұталардың (діңі, жапырақтары, жемістері мен тұқымдары) пайда болуы туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог бір баланы "орманшы"	"Жылдың қай мезгілі?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Әр маусымның айлары және жыл мезгілдерінің негізгі ерекшеліктері туралы білімдерін бекіту. Барысы: педагог өлең оқиды, балалар осы өлең ішінен қай жыл мезгілі айтылғанын

		білімдерін тереңдету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	мезгілінде болатын табиғат құбылысын атайды да, таңбалауышты келесі балаға береді. Таңбалауышты алған келесі бала жыл мезгілінің екінші ерекшелігін атайды. Ойын осылай жалғаса береді.	етіп таңдайды, қалған балалар орманшының көмекшілері болады. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)	табу керек. Қазақ тілінде жыл мезгілдерін атауды талап ету. (көркем әдебиет, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)
Таңертеңгі жаттығу	"Қуыршақпен ойнаймыз". Бастапқы қалып: тік тұру, аяқ алшақ, қуыршақ төменде. 1-2 қуыршақты алға ұстау, жоғары көтеру (3рет). 3-4 бастапқы қалып. Аяқ арасы алшақ, қуыршақ алда. 1-2 денені оңға, солға бұру, бастапқы қалыпқа келу. Бастапқы қалып: қуыршақты кеудеде ұстау. 1-4 алға еңкею. "Қуыршақтар билейді". 5-6 бастапқы қалыпқа келу (3рет). Бастапқы қалып: 1-2 отыру, қуыршақты еденге қою. 3-4 тік тұру, Қуыршақпен оңға, солға айналу (2 реттен). (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет, дене шынықтыру)				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	"Бұл қандай құс?" дидактикалық ойыны.	"Тапсырманы орында" дидактикалық	"Не, қайда өседі?" дидактикалық ойыны.	Шаттық шеңбері Мақсат-міндеттері. Балаларға	"Кім, не жейді?" дидактикалық ойыны.

	Мақсат-міндеттері. Балаларды құстарға тән белгілері бойынша сипаттауға және олардың сын-сипатына қарап тануға үйрету. Барысы: жүргізуші құстардың әдеттерін бейнелейді және олардың белгілерін сипаттайды, балалар жүргізушінің жасырып отырған құсын табады. Құстарды қазақ тілінде атайды. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)	ойыны. Мақсат-міндеттері. Үлкен және кішкентай заттарды ажыратуларын жаттықтыру. Мазмұны: бір баланы ортаға шақырып, оң қолына үлкен ойыншықты, сол қолына кішкентай ойыншықты ал деп тапсырма береді. Ойын осылай жалғаса береді. (танымдық дағдылар, сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттері. Балаларды табиғатта болып жатқан құбылыстарды түсінуге үйрету; жер бетіндегі барлық тіршілік иелерінің өсімдік жамылғысының күйіне тәуелділігін көрсету. Барысы: педагог әртүрлі өсімдіктер мен бұталардың аттарын атайды, балалар сол жерде өсетіндерді ғана тандайды. Олар өссе, балалар қолдарын шапалақтайды немесе бір жерге секіреді (кез келген қимылды таңдауға болады), егер болмаса, балалар үндемейді. Өсімдіктер: шие, алма, пальма,	эмоционалды жағымды көңіл күй мен ұйымдастырылған іс-әрекетке мотивациялық дайындықты қалыптастыру, балаларға бір-бірімен сәлемдесуге мүмкіндік беру, ұжымда достыққа тәрбиелеу. Кел, балалар, күлейік, Күлкіменен түлейік! Қабақ түйген не керек, Көңілді боп жүрейік! Кел, балалар, күлейік! Күлкіменен түлейік! Күлкі көңіл ашады, Күліп өмір сүрейік! (сөйлеуді дамыту)	Мақсат-міндеттері. Балалардың құстардың қоректенуі туралы білімдерін бекіту; қыстайтын және жыл құстары айырмашылығы туралы білімдерін бекіту; есте сақтауды, зейінді, сөйлеуді дамыту; қыстайтын және жыл құстары туралы түсініктерін кеңейту. Барысы: екі шеңберде әртүрлі тамақ түрлері: тары, дәндер, нан үгіндісі, итмұрын, жидек, қоңыз, құрт, алма суреттері тұрады. Балалардың міндеті - қыстайтын және жыл құстарына қоректерді бөлу. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту)
--	---	--	--	---	---

			итмұрын, қарақат, өрік, таңқурай, апельсин, лимон, алмұрт, ананас және тағы басқа. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі)		
Білім беру ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене шынықтыру "Жомарт қораз". Мақсат-міндеттері. Балаларды бірінің артынан бірі аяқтың ұшымен және өкшемен сап түзеп жүруге жаттықтыру; сапқа өз еріктерімен тұру қабілетін жетілдіру; еденде тұрған тақтаймен өрмелеу және алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдысын үйрету. "Қоян" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері.	Дене шынықтыру "Қораз секілді қанат қағайық". Мақсат-міндеттері. Балаларды еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру дағдыларын жетілдіру; қораз туралы білімдерін толықтыра отырып, қораздың дауысын тыңдату. "Еңбектейік, қане біз" қимылды	Музыка "Жомарт түлкі". Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге деген ықыласын арттыру; әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін жетілдіру; ырғақты сезіне білу қабілетін дамыту; тыныс алу жаттығуларын орындау кезінде дұрыс тыныс алу	Дене шынықтыру "Өрмелейік, қане біз". Мақсат-міндеттері. Балаларда еденде тұрған гимнастикалық тақтаймен тартылып өрмелеу техникасын дамыту; алға жылжи отырып, екі аяқпен секіру техникасын бекіту. "Өрмекші секілді өрмелейік" қимылды ойыны. Мақсат-міндеттері. Кеглиге дейін өрмелеп баруды	Қазақ тілі "Күзгі жаңбыр". Мақсат-міндеттері. Қазақ тілінде жаңбыр түрлерінің атауларын атауды үйрету; етістіктер мен көсемше, зат есімдердің көмегімен жаңбырдың жауғанын, жапырақтардың түсуін білдіретін сөз тіркесін құрауды үйрету. «Жалғастырып айт» дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттер.

	Қоянның қимылдарын келтіруді үйрету (жүгіру, секіру, сәбізді жеу).	ойыны. Мақсат-міндеттері. Жалауға дейін еңбектеп баруды үйрету.	дағдысына үйрету; музыка әуенімен бірге би қимылдарын еркін орындауды үйрету; музыкалық аспапта ойнау қабілетін қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. Балалардың әнді тыңдауда сөздік мазмұнын түсіне білу қабілеті мен музыка жетекшісіне ілесе ән айту қабілетін дамыту. "Жомарт түлкі" ойыны. Мақсат-міндеттері. Бірлесіп ойын ойнауды үйрету, қимыл шапшаңдығын дамыту.	үйрету.	Балалардың сөздігінде етістіктерді белсендіруді жалғастыру.
Серуенге дайындық	Балаларды серуенге ынталандыру; серуенге ойын жабдықтарын іріктеу; балалармен жеке әңгімелесулер; шалбарын, бас киімі мен бәтеңкесін реттілікпен киюін қадағалау. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес				

	әрекет)				
Серуен	«Күзгі саябаққа серуен» (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Адамдардың саябаққа не үшін келетіні жайында әңгімелесу. Саябақ ішіндегі күзгі өзгерістерге көңіл аудару, бақылау, әңгімелеу. Еңбек: саябақтағы әртүрлі ағаштардың жапырақтарын жинау. Әр ағаштың жапырағын ажыратуды үйрету. Балалармен жеке жұмыс: тақпақ жаттату. (көркем әдебиет) Қ. Шарғытбаев «Күзгі жапырақтар».	Қарға мен сауысқанды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Қарға мен сауысқанның айырмашылықтарын айта білуге машықтандыру; құстар әлемі жайлы түсініктерін бекіту, өзіндік ерекшеліктері мен белгілерін тануға ынталандыру. Балалар сауысқанның дыбыстарын тыңдап, сыртқы пішініне қарап, өзге құстарға ұқсаматынын байқайды. Еңбек әрекеті: кураған жапырақтарды	Аққайыңды бақылау (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Жыл мезгілдеріне байланысты өзгерістер мен ерекшеліктерді бақылау. Ағаштарға қамқорлық жасауға тәрбиелеу. Қайың өте әдемі ағаш. Оның ақ түсті қабығы ерекше көзге түседі. Аққайың көктемде ерте бүршік жарады. Ал жапырағы кештеу шығады. Қайың ағашының бұтағы мен діңі берік, әрі қатты. Жапырағы жұмыртқа пішіндес, жиектері ара тісті. Қайың көктемде	"Жаңбыр жауғанда" фонемо-ырғақ жаттығуы. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем сөз, дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны жаттықтыру. Жау, жау, жаңбыр Жау, жаңбыр! Арық суы мол болсын! Өсімдіктер мол болсын! Жауған жерің шөп болсын! Тырс-тырс! Тырс-тырс! (бір аяқпен секіру)	Бұлттарды бақылау. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, көркем әдебиет) Мақсат-міндеттері. Балалардың мезгілдік өзгерістер жайлы білімдерін кеңейтуді жалғастыру, қиялдарын дамыту - бұлттар неге ұқсайды. "Бұлтқа" фонемо-ырғақты жаттығуы. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды сөздердің ырғағына сай қимылдауға баулу; жаңбырға еліктеуге ынталандыру; артикуляцияны

Алтын, сары, қызыл, көк Алуан-алуан жапырақ Күзгі бақта күлімдеп, Көз тартады атырап. "Сызықты баспа" қимыл жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды бір бағытта жылжи отырып, екі аяқпен секіруге дағдыландыру. Балалардың секіру жолының бойына көлденең сызықтар салынады немесе жіптер төселінеді. Күрделенуі: сызықтардан жылдам секіру (уақытқа). Қимыл-қозғалыс ойыны: "Лақтыр да, ұстап ал" (2-3 рет ойнатылады). Мақсат-міндеттері.	жинау. Мақсат-міндеттері. Еңбексүйгіштікке, ұқыптылыққа тәрбиелеу. "Ұшады құстар біздің бақта" жаттығуы. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды құстардың қимылдарына еліктеуге машықтандыру; құстар әлеміне қызығушылықты арттыру. Педагог балаларға құстардың ұшып-қонып жүргені туралы бейнежазбаларды алдын ала көрсетуі мүмкін. Қанаттарын жайып жан-жаққа, (аяқтың	гүлдейді, оның гүлдері сырға секілді салбырап жатады. Күз мезгілінде жапырақтары алтындай жарқырап жерге түседі. Суретшілер қайыңның суретін салуды ұнатады. Балаларға қайыңның суретін салуды ұсыну. (сурет салу) Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: аланды ағаштардан қурап түскен бүршіктер мен ұсақ бұталардан тазарту. Мақсат-міндеттері. Бірігіп жұмыс істеуге, берілген мақсатқа бірігіп жетуге дағдаландыру. "Аңшылар мен	Тарс-тұрс! Тарс-тұрс! (екінші аяқпен секіру) Шылп-шылп! Шылп-шылп! (екі аяқпен секіру) "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу. Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарды баспау үшін, биіктеу	жаттықтыру. Ақсың, сұрсың, қарасың, Қайда қалқып барасың? Жерге нөсер төгемін, Өссін гүлдер, көп егін! Гүл-гүл жайнап өсер көк, Нөсерлетсең, нөсерлет! "Күн мен жаңбыр" қимыл-қозғалыс ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды белгі бойынша жан-жаққа шашырап жүгіруге және бір-біріне соғылмай, бір жерге жиналуға дағдыландыру; вестибуляр аппаратын, кеңістікті бағдарлау қабілетін жетілдіру; ептілікке, достыққа тәрбиелеу.
--	--	---	---	--

	Балаларды допты лақтыруға және ұстап алуға жаттықтыру. Балалардың өз еріктерімен жасалатын іс-әрекеттері.	ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғарыға бірқалыпты көтеру) Ұшады құстар біздің бақта. (құстың ұшқанына еліктеу, қолдарын бұлғау) Солға ұшады, ұмтылып, (бір қолды сол жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Оңға ұшады, ұмтылып. (екінші қолды оң жақта төменнен жоғары бірқалыпты көтеру) Біресе төмен түсіп, қонады бұтаққа, (төмен отыру) Біресе көкке самғайды, ұқсайды ұшаққа. (аяқтың ұшына тұру, екі қолды жан-жақтан жоғары бірқалыпты көтеру)	қояндар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, сөйлеуді дамыту) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шартын бұзбай ойнауға дағдыландыру; мергендікке, дәлдікке, шапшаңдыққа, жылдамдыққа, қимылдарын үйлестіре білуге бейімдеу; ұйымшылдыққа тәрбиелеу. Балалар тобынын арасынан бір-екі бала "аңшы" болып (өз қалауларымен немесе санамақ арқылы) тағайындалады. Қалған балалар қояндар болады. Педагог ойынды бастайды:	жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұруы тиіс. "Әткеншек" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру, көркем сөз) Мақсат-міндеттері. Балаларды бірігіп, шеңберде ойын ережесіне сай ойнауға ынталандыру; бір адамдай белгі бойынша шеңбердің біресе бір жағына, біресе екінші жағына жүріп, содан кейін жылдамдықты қосып жүгіруге дағдыландыру; вестибуляр аппаратын дамыту; ептілікке, ұйымшылдыққа	Күрделенуі: екінші белгі бойынша балалар шалшықтарын баспау үшін, биіктеу жерлерге (тастар, бөренелер, орындықтар, сатыларға) жылдам шығып тұру тиіс. Ересектермен бірге орындалатын қарапайым еңбек тапсырмалары: құрғақ жапырақтарды жинау. Мақсат-міндеттері. Тазалық пен тәртіпке үйрету; топпен жұмыс істеу біліктілігін бекіту. "Шұңқырдан аттап секіріп өт" қимылды жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Балаларды
--	--	---	---	---	--

		Д. Ахметова. "Қаракүс пен балапандар" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Балаларды ойын шарты бойынша, белгілерге сай жылдам жүгіруге дағдыландыру; шапшаңдыққа, ептілікке, ұйымшылдыққа тәрбиелеу. "Кім жылдам?" ойын-жаттығуы. (дене шынықтыру) Мақсат-міндеттері. Жүгіруді, секіруді, өрмелеуді пысықтау. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері.	- Аңшылар жүр орманда, "Не бар екен?" - деп шалғында. "Аңшылар", қолдарына бір доптан алып, алаңды аралап, "қояндарды" іздеген сияқты болып жүреді, содан соң жасырын жерлерге барып тұрады да, алаңды алыстан бақылайды. "Қояндар" өз "іздерінен" шығып, алаңда ойнап, секіріп, жүгіріп жүреді. Педагог: - Қояндар шықты шалғынға, Секіреді қуана. Бір-біріне сәлем береді, Тәтті шөппен қоректенеді. "Қояндар,	тәрбиелеу. Ақырын-ақырын итеріп, Өткеншекті қозғалтамыз. Жылдам-жылдап жүгіріп, Шеңберді айналдырамыз. Д. Ахметова. Соңғы сөздерден кейін балалар жерге отырып, қолдарын босатады, демалады. Ойын бірнеше рет қайталануы мүмкін. Педагог барлық балалардың бірыңғай қимылдауын қадағалап жүру керек. Шеңбер бойымен жүргізу үшін, балаларды бір жаққа бұрып, беттерін шеңбер ортасына қарату керек. Балалардың ойынды меңгерудегі	ұзындыққа секіруге машықтандыру; вестибуляр аппаратын, күш-жігерін дамыту. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен ойындар. Мақсат-міндеттері. Қимыл-қозғалыс координациясын дамыту; негізгі қимылдарды орындау тәсілін жетілдіру; ойындарға саналы түрде қосылуға тәрбиелеу.
--	--	--	---	---	---

		Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету және құрдастарымен өзара әрекет ету біліктілігін қалыптастыру.	қашыңдар!" - деген сөздерден кейін "аңшылар" жасырынған жерлерінен ытқып шығып, "қояндарды" көздеп, допты аяқтарына тигізуге тырысады. "Қояндар" бір-біріне соғылмай, өз орындарына доптан жылдам қашып баруға тырысады. Ойынның соңында "аңшылар" қанша "қоянды" ұстап алғандарын санап, баға беруге болады. Педагог ойынның қауіпсіздігін қадағалайды. "Қайыңға қарай жүгір" қимыл-қозғалыс ойыны. (дене шынықтыру) Максат-міндеттері. Педагогтің белгісі	басты міндеті - аса жылдам жүгірмеу. Әрбір бала қимылдау кезінде шеңбердің бір жақ бойымен жүріп, бүкіл шеңбердің жылжып жатқанын бақылайды. Еркін ойындар: балалардың негізгі қимылдарды орындай білу мүмкіндіктерін жетілдіру.	
--	--	---	---	--	--

			бойынша жылдам әрекет етуге дағдыландыру; тапсырманы зеректікпен және шапшаңдықпен орындауды үйрету. Өз бетімен еркін ойын әрекеті, шығарылған материалмен алаңдағы ойындар. Мақсат-міндеттері. Қызығушылығы бойынша ойын таңдау мүмкіндігін қамтамасыз ету, құрдастарымен өзара әрекет ету дағдысын қалыптастыру.		
Серуеннен оралу	Өз шкафын белгі бойынша тауып алуға, өз киімін өздігінен шешуге, өз қажеттері жайында айтуға машықтандыру. (мәдени-гигиеналық дағдылар, дербес әрекет)				
Балалардың дербес әрекеті (баяу қимылды ойындар, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті,	Сөйлеуді дамытудан ойын-жаттығу "Қораз ойыншығымен	Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Жемістер мен көгөністер".	Математика негіздерінен ойын-жаттығу "Дөңгелек жемістер мен көгөністер".	Сурет салудан ойын-жаттығу "Апельсиндер". Мақсат-міндеттері. Балаларды қылқалам	Үстел үсті театры "Жеті лақ пен қасқыр" ертегісі Мақсат-міндеттері. Балаларға үстел

кітаптар қарау және тағы басқа әрекеттер)	танысу". Мақсат-міндеттері. Балаларға үй құстарының сыртқы кескін-кейпі және тіршілік ерекшеліктері жөнінде мағлұматтар беру, ойыншықты сипаттау және ол туралы әңгімелеу тәртібімен таныстыру. "Құстарды аулаға жинайық?" Мақсат-міндеттері. Құстардың атауын қазақ тілінде дұрыс атауға дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) "Бауда, әлде бақшада?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері.	Мақсат-міндеттері. Балаларға жомарт күз туралы түсінік бере отырып, күзде өсетін көгөністер және жемістер туралы білімдерін кеңейту; көгөністер мен жемістерді ажыратып атау дағдыларын жетілдіру; бақша өсімдіктерін өсіру, оларға күтім жасауға қызығушылықтарын қалыптастыру; жомарт күз туралы ұғым беру. "Төртіншісі артық" танымдық ойыны. Мақсат-міндеттері. Жемістер мен көгөністерді тануға, байқампаздыққа дағдыландыру. (сөйлеуді дамыту, қазақ тілі, танымдық дағдылар)	Мақсат-міндеттері. Балаларды геометриялық пішіндерді тануға және атауға жаттықтыру; түйсіну және көру арқылы дөңгелек пішінді заттардың қасиетін зерттеу дағдыларын қалыптастыру; қолдың ұсақ моторикасын, зейінді, есте сақтау, қабылдау қабілетін дамыту. "Мозаика" үстел үсті ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларға берілген суреттердің бөлігін тауып өз орнына орналастыруды үйрету; тапқырлыққа баулу. (танымдық дағдылар)	арқылы қызыл сары түсті дөңгелек пішінді апельсиндерді, тіктөртбұрышты пішінге бір сапқа қатарымен салуды үйрету. "Күнге не ұқсайды?" дамытушы жаттығуы. Мақсат-міндеттері. Мнемокарта бойынша дөңгелек пішінге ұқсас заттарды қазақ тілінде дұрыс атауды дағдыландыру. (математика негіздері, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Саусақ ойыны. "Бақшадағы қызанақ пен қияр". Мақсат-міндеттері. Бақша туралы түсінік	үстінде ертегі кейіпкерлерін көрсету арқылы әңгімелеп беру. (көркем әдебиет) "Көгөністер дүкені" сюжетті-рөлдік ойыны. Мақсат-міндеттер: балалардың сатушы мамандығы туралы білімдерін бекіту. Балалардың ойынға қажетті құралдарды пайдаланып, дүкен ойынын ойнау. (сөйлеуді дамыту) Құрастырудан ойын-жаттығу "Қорап". Мақсат-міндеттері. Балаларға кірпіш құрылыс материалынан қорапша құрастыруды үйрету;
---	--	---	---	---	---

	Балаларға көгөністер мен жемістердің қайда өсетінін атап айтқызу, ажырата білуге үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту) Қоршаған ортамен танысудан ойын-жаттығу "Аспаз". Мақсат-міндеттері. Балалардың аспаз еңбегі туралы ұғымдарын кеңейту; аспаз еңбегі туралы түсінік бере отырып, аспаз құралдарының аталуын жатқа айтуға үйрету. Дидактикалық ойын: "Тағам түрлерін ата". Мақсат-міндеттері. Тағам түрлерін қазақ тілінде дұрыс атауды	"Зат неге ұқсайды?" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды бөлме ішіндегі заттардың қандай пішінге ұқсайтынын ажыратып айта білуге үйрету. (математика негіздері)	Музыкадан ойын жаттығу "Күз желі". Мақсат-міндеттері. Балалардың әуенге ықыласын арттыра отырып, әнді тыңдағанда сөздік мазмұнын түсіну қабілетін қалыптастыру; музыкалық жетекшіге ілесе ән айту қабілетін дамыту; ұйымдастырылған іс-әрекетті пысықтау. «До – ре – ми» ойыны. Мақсат-міндеттері. Балаларды музыкадағы бейнелерді, әнді тыңдау арқылы ажыратуды үйрету. Тыңдау қабілеттерін арттыру.	бере отырып, қызанақ пен қияр көгөніс екенін ажыратуды үйрету. (қоршаған ортамен танысу, сөйлеуді дамыту, қазақ тілі) Вариативті компонент/Әлеумет "Автобус" ойыны. Мақсат-міндеттер. Балаларды автобус жүргізушісі және кондуктор қызметінің ерекшеліктерімен таныстыру; жол жүру ережесі мен автобустағы жолаушы тәртібі туралы мағлұмат беру; ойын және қоғам көлігі ережелерін түсіндіру. "Автобуста кім бар?" ойын-жаттығуы.	кірпішті көлденең және қатар қоя білу, тиістірілген бұрыштарды, тұтас жасанды құрылыс нысанын көріп, қолмен түзеп отыру қабілеттеріне дағдыландыру. Құрылыс нәтижесімен ойнату. (сөйлеуді дамыту)
--	---	---	---	--	--

	үйрету. (қазақ тілі, сөйлеуді дамыту)			Мақсат-міндеттер. Автобуста бар адамдардың орнын анықтау, атауларын пысықтау.	
Балалармен жеке жұмыс	Санамақтар айтқызу. Бір дегенім - білеу, Екі дегенім - егеу, Үш дегенім - үскі, Төрт дегенім - төсек, Бес дегенім - бесік, Алты дегенім - асық, Жеті дегенім - желке, Сегіз дегенім - серке, Тоғыз дегенім - торқа, Он дегенім - торқа, Он дегенім - оймақ, Он бір қара жұмбақ.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. "Жомарт Күз" (суретті қарастыру) Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.	Әңгіме құрастыру "Табиғат". Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын табиғаттағы ерекшеліктердің атауларын білдіретін сөздермен байыту.	"Ғажайып қапшық" дидактикалық ойыны. Мақсат-міндеттері. Баланың сөздік қорын ойыншықтардың атауларын білдіретін сөздермен байыту.	Жыл мезгілі туралы әңгімелесу. Мақсат-міндеттері. Қарапайым сұрақтарға жауап беруді үйрету.
Балалардың үйге қайтуы (ата-аналарға кеңес)	Ата-аналарға кеңес: "Үйде ойын бұрышын ұйымдастыру".	Балалардың отбасында не істей алатындары туралы әңгімелесу.	Кеңес. "Бала өміріндегі ойыншықтың маңызы".	Кеңес. "Саусақ жаттығулары". Қол моторикасын дамытудың маңыздылығын түсіндіру.	Ата-аналарға тапсырма беру, жақсы демалуға тілек білдіру.

